



## **ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА**

**Тақырыбы: Жаяужолдардың қазіргі жағдайы және олардың әлеуметтік маңызы (Алматы қаласының мысалында)  
«5B090500 – Әлеуметтік жұмыс» мамандығы**

**Орындағандар:** IV курс студенттері  
Кадирова Ә.М.  
Құрманбаева Қ.Б.  
Таужанова А.Ж.  
**Ғылыми жетекші:** PhD докторы,  
доцент Абенова К.А.

# МАЗМҰНЫ

## КІРІСПЕ

1 ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН ЖАЯУЖОЛДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК  
МАҢЫЗЫ

1.1 Алматы қаласындағы көшелер бойындағы жаяужолдардың жағдайы

2 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ АУДАНДАРЫНДАҒЫ ЖАЯУЖОЛДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ  
СИПАТЫ

2.1 Жаяужолдардың қазіргі жағдайы бойынша әлеуметтік сауалнама жүргізу

2.2 Өуезов, Бостандық, Алатау, Медеу аудандары бойынша жаяужолдардың қазіргі  
жағдайы, тиімділігі, мәселелерін шешу жолдары

2.3 Қала аудандарындағы жаяужолдар сипатын талдау

3 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖАЯУЖОЛДАРЫН КӨРКЕЙТУ, ЖЕТІЛДІРУ  
БАҒЫТТАРЫ

3.1 Қала тұрғындары үшін жаяужолдардың әлеуметтік маңыздылығын анықтау  
және оны жетілдіру бойынша ұсыныстар

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

## Жобаның негізгі мақсаты



Алматы қаласындағы жаяу жолдардың қазіргі жағдайын зерттеу, олардың заманауи талаптарға сай әрлендіру және тұрғындарға қолайлы ету үшін ұсыныстар әзірлеу

Қала тұрғындарын жаяу жүретін жолдардың ыңғайлылығы мен көріктігін анықтау бойынша социологиялық зерттеу жүргізу

Қала тұрғындары үшін жаяу жолдардың әлеуметтік маңызын анықтау

Мақсатқа жету жолында орындалатын міндеттер

Қала аудандарындағы жаяу жолдар сипатын талдау, оның ішінде суретке түсіру арқылы мәселелік аймақтарды анықтап тиісті орындарға жеткізу

Алматы қаласы орталығындағы жаяу жолдар ккшелерінің қазіргі жағдайын сипаттау

Әуезов, Бостандық, Алатау және Медеу аудандары бойынша жаяу жолдардың қазіргі жағдайы, тиімділігі, мәселелерін қарастыру. Салыстырмалы талдау жасау


## ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫ ҮШІН ЖАЯУЖОЛДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ



Тротуар – жаяужол, ағылшын тілінде бір жол жағының бойымен жүру деген мағынаны білдіреді. Кей жерлерде бұл термин – парк арқылы жол, жаяу жүргін жолы және белгі деп те қолданылады.



Райымбек даңғылы мен Дания еліндегі Копенгаген қаласының жаяу жолдары



Райымбек даңғылындағы ғимараттар мен жаяужолдар арасындағы ара қашықтық қалалық өмірге кедергілерін тудыруда.

Тротуар арқылы сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін 8 221 жаяу жүргіншілер өтетіндігі анықталды.

Копенгаген қаласындағы көлік қозғалысы көп көшелердің бірі болып саналады. Жолақтар мен жаяужол маңы жоспарланып салынған. Тәулігіне жаяужолдан 50 000 жаяу жүргіншілер өтеді.

Абай даңғылы мен Париж қаласындағы Елисейлік  
алаңындағы жаяу жолдар






Абай даңғылының ғимараттармен өзара байланысты еместігін көрсетеді.

Тротуар арқылы сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін 8 785 жаяу жүргіншілер өтті.

Елисейлік алаң – бұл Париждегі ең тартымды аймақ. Кең аумақты жаяужолдар ғимараттарды тартымды әрі көрікті етіп көрсетеді. Күніне 9 683 жаяу жүргіншілер жаяужол арқылы өтеді.



Абылай хан даңғылы,  
Австралия Мельбурн қаласы  
және Пушкин көшесі,  
Барселона Ла Рамбл  
көшесіндегі жаяужолдар





• Панфилов  
көшесі



• Лион,  
Жан Мермоз  
даңғылы

1

*Панфилов көшесі Алматы қаласының ең жасылданған орталығы. Көптеген метро бекеті мен орталық аймақтармен байланысқан.*


2

*Бұл көше адамдардың жүруіне ыңғайсыз. Жаяу жүргіншілер саны – 3 647 адам.*

3

*Жан Мермоз даңғылындағы жаяу жолдарға күрделі құрылыс жұмыстары жүргізілген. Велосипедшілерге және жаяу жүргіншілерге арналған жолдар салынған.*


## Каблуков көшесіндегі жаяужолдар





*Өтепов көшелеріндегі  
жаяу жолдар*






*Розыбакиев, Төле  
би және Басенов  
көшелерінің бойында  
орналасқан  
тротуарлар*



## Жоба барысында әзірленген электронды карта


### Шартты белгілер:



- пандустар
- кедергілер
- қоқыс жәшіктері
- кедергілер




Қала тұрғындарына жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша қаламыздың жалпы жаяу жолдары туралы нақты ақпараттар алдық. Жаяу жолдармен жиі жүресіз бе? - деген сұраққа (16 сурет) респонденттердің 35% - ия, 25% - жиі, 24% - сирек, 16% - жүрмеймін деп жауап берген.




Респонденттердің жаяу жолдармен жүру туралы сауалнаманың нәтижесі

Сізді қаладағы тротуарлардың жағдайы қанағаттандырады ма?



Сіз тұратын ауданда қоқыс салатын жәшіктер бар ма?



*Әуезов ауданына қарасты  
негізгі көшелердің басты  
проблемалары*

Шаймерденов Мұстафин –  
Жандосов. Жаяу жолдардың  
тазалығы орташа.  
Тротуарлардың бойында  
орналасқан киосктар,  
аялдамалар, кедергі тудыруда.

Ұлықбек Алтынсарин –  
Момышұлы.  
Жаяу жолдардың ені-2,25 м.  
Жағдайы орташа. Демалу  
орындықтары, пандустар  
және қоқыс жәшіктері  
жоқ.

Шаляпин Щепетков –  
Яссауи. Қоқыс жәшіктері  
жоқ. Тротуарлардың  
бойында орналасқан  
шұңқырлар кедергі  
тудыруда.

Алтынсарин Жандосов –  
Қабдолов. Демалу  
орындықтары, пандустар  
және қоқыс жәшіктері  
жоқ.

## *Бостандық ауданының негізгі көшелері және оның проблемалары*

№	Көшелер:	Зерттеу нәтижелері:
1	Әл-Фараби	Бұл көшедегі жаяу жолдардың жағдайы өте жақсы. Ең бастысы таза. Қоқыс жәшіктері, скамейкалар, пандустар барлықтары қарастырылған. Жаяу жолдың ені – 2,25. Демалыс орындары бар. Тротуардың таза және әдемі жасалынғанынан, серуендегенде адамға жағымды әсер қалдырады.
2	Жандосов	Бұл көшедегі жаяу жолдың жағдайы қанағаттандырарлық. Тротуарлары таза. Бірақ, кейбір жерлерінде шұңқырлар кездеседі, пандустары бар. Алайда, қоқыс жәшіктерінің саны аз, скамейкалары жоқ.
3	Дулати	Жаяу жолдарда ешқандай кедергі кездестірмедік. Тек, қоқыс жәшіктерінің саны аз. Демалыс орындары қарастырылған.
4	Фурманов	Тротуарлар жақсы салынған. Таза, ешқандай кедергілер жоқ, қоқыс жәшіктері бар. Тек, скамейкалары жоқ.
5	Новои	Жаяу жолдары таза. Қоқыс жәшіктері бар, скамейкалар қарастырылмаған. Тротуар бойындағы баспалдақтар шығуға ыңғайсыз. Зерттеу барысында, суретке түсіріп, жаяу жүргіншілерден сауалнама алынды.
Ескерту: автормен қарастырылған		

## *Алатау ауданындағы жаяужолдардың сапасы*

№	Көшелер:	Зерттеу нәтижелері:
1	Розыбакиев	Жаяужолдардың жағдайы орташа. Тротуарлардың бойында шұңқырлар кездеседі. Қоқыс жәшіктері қойылған, бірақ скамейкалары жоқ.
2	Ақын Сара	Тротуарлардың жағдайы жақсы, таза. Қоқыс жәшіктері және скамейкалары бар.
3	Рысқұлов	Жаяу жүруге арналған жолдары толық салынбаған. Яғни, жолдың кейбір жерлерінде жаяужолдар жоқ. Қоқыс жәшіктерінің саны аз. Скамейкалар жоқ.
4	Емцов	Жаяу жүретін жолдың бойында шұңқырлар бар. Ағаштың өсіп кеткен бұталары және тұрақтағы көліктер, жүруге кедергі келтіреді. Арық іші қоқыстарға толы. Қоқыс жәшіктері мен скамейкалары жоқ.
5	Ырысты	Тротуарлары тар. Таза емес. Арық қоқысқа толы. Шұңқырлар көп кездеседі.
Ескерту: автормен қарастырылған		

# Медеу ауданындағы тротуарлардың жағдайы

Құрманғазы Қармысов-Фурманов.  
Қоқыс жәшіктері таза. Мүмкіндігі  
шектеулі жандарға және  
велосипедшілерге арналған  
пандустардан шығып-түсу еш  
кедергі тудырмайды.

Жолдасбеков Достық-Фурманов.  
тротуарлардың барлығы стандартқа  
сай жасалынған. Қоқыс жәшіктері,  
орындықтар, пандустар қойылған.

Әл-Фараби ВОАД – Фурманов.  
Жаяу жолдардың жағдайы жақсы,  
қоқыс жәшіктері, демалу  
орындықтары бар.

Қонаев Абай-Райымбек.  
Жаяу жолдардың сапасы жақсы.  
Барлығы стандартқа сай  
жасалынған.

Достық Төле би-Медеу. Бұл  
көшелердегі тротуарлардың барлығы  
дерлік жаңа жабдықтармен  
жасалған. Жаяу жолдардың бойы  
таза.

*“Алматы қаласының даму орталығына”  
дайындалған ұсыныстар*

I-II

- шет көшелердегі жаяу жолдарды орталық көшелердің жаяу жолдарымен тең қылып жасау;
- жаяу жол маңдарын көгалдандыру;

III-IV

- барлық жаяу жолдарға бірдей орындықтар, қоқыс жәшіктерін орнату және белгілі бір стандарттарға сай пандустар жасау;
- балалар ойнайтын алаң орнату;

V-VI

- Алматы қаласының орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу;
- Алматы қаласының халықаралық рейтингінде көрсеткіштерін талдау;

# Қорытынды

1. Қалалық көшелер бейтаныс адамдарға арналған және ондағы қауіпсіздік бейтаныс адамдардың қатысуына байланысты болып келеді. Сол себепті, әл ауқаты жоғары аудандардың көшелері, үш негізгі қасиеттерге ие болуы тиіс. Біріншіден, мемлекеттік және жекеменшік кеңістіктердің аралары айқын болуы тиіс. Екіншіден, бейтаныс адамдар және халықтың қауіпсіздігі үшін арналған ғимараттар көшеге қарай бағытталуы тиіс. Бұл ғимараттар теріс немесе көлденең орналасуына болмайды. Үшіншіден, көше әрдайым қолданыста болу керек.
2. Зерттеу нәтижесі бойынша Алматы қаласының жаяужолдарының жағдайы орташа. Респонденттердің пікірі бойынша Алматы қаласының тротуарларының барлығына бірдей дерлік демалу орындықтары, қоқыс жәшіктері, пандустар қарастырылмаған. Қоқыс жәшіктері әрқашан да таза болмайтындығы айтылған. Демек, қаладағы жекелеген көшелердегі жаяужолдары бар көшелерді әлі де жақсартуды қажет етеді.
3. Жобаны біз «Алматы қаласы даму орталығы» АҚ-мен бірлесе дайындап, олардың тапсырмасын орындау барысында мәселелі көшелердің электрондық картасын әзірлеуге ат салыстық. Бұл карта арқылы Алматы қаласының жаяужолдарының мәселесін шешу үшін қала әкімдігінің жоспарына енуге негіз болатын материалдар әзірленді.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!**

